

Айгаринова Г.Т.

**Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығын сақтандыру нарығын қалыптастырудың құқықтық алғышарттары**

Мемлекет экономикасының маңызды саласы ретінде ауыл шаруашылық өндіріс климаттық жағдайлар, дүлей апаттар, сонымен қатар экономикада болып жатқан негативті факторлардың (эквивалентті емес алмасу, бағалардың диспаритеті, инфляция және т.б.) ықпалына жиі түседі. Осыған байланысты ауыл шаруашылық тауар өндірісін сақтандырушылық қорғанысын ерекше қажетсінеді. Оған қоса, арнайы нормативтік акт – ауыл шаруашылық сақтандыру туралы заңды құрастыру мен қабылдау қажеттілігін туындататын нақты заңи база жоқ.

**Түйін сөздер:** ауыл шаруашылығы, сақтандыру, ауылшаруашылық өндірісі, құқықтық реттеу.

---

Aigarinova G.T.

**The legal prerequisites for the formation of agricultural insurance market in the Republic of Kazakhstan**

Agricultural production, as one of the most important sectors of the economy most exposed to weather conditions, natural disasters, as well as the impact of negative factors occurring in the economy (unequal exchange, price disparity, inflation, etc.). In this regard, agricultural producers in particular need of insurance protection. Especially because there is no clear legal framework, which is the need to develop and adopt a special regulation – Law on insurance of agricultural production.

**Key words:** agriculture, insurance, agriculture, legal regulation.

---

Айгаринова Г.Т.

**Правовая основа для формирования страхового рынка сельского хозяйства Республики Казахстан**

Сельскохозяйственное производство как одна из важных отраслей экономики страны наиболее подвержено воздействию погодных условий, стихийных бедствий, а также влиянию негативных факторов, происходящих в экономике (неэквивалентный обмен, диспаритет цен, инфляция и другие). В связи с этим сельскохозяйственные товаропроизводители особенно нуждаются в страховой защите. Тем более, что отсутствует четкая законодательная база, которая вызывает потребность в разработке и принятии специального нормативного акта – закона о страховании сельскохозяйственного производства.

**Ключевые слова:** сельское хозяйство, страхование, сельскохозяйственное производство, правовое регулирование.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫН  
САҚТАНДЫРУ  
НАРЫҒЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ  
АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Сақтандыру нарығы дүлей апат пен басқа қауіптіліктерден шығындарды өтеуді қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығында сақтандырудың мәні – қолайлы жылдары сақтандыру ресурстарын жинау мен оларды қолайсыз жылдары пайдалану болып табылады. Экономиканың нарықтық қатынастарға өтуі ауыл шаруашылық тауар өнімдерінің шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапкершілік дәрежесінде көрініс тапқан, олардың экономикалық және құқықтық мәртебесін өзгертеді. Осыдан басқа, ауыл шаруашылығы теріс табиғи-климаттық факторлардың ықпалын басынан кешіреді, сонымен қатар, экономикалық процестердің әсеріне ұшырайды. Мұндай жағдайларда меншік иесінің өз жұмысының залалсыздығы үшін толық жауапкершілігі талап етіледі.

Нарықтық жағдайларға қатысты ауыл шаруашылығындағы сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеу мәселесі алғаш рет аграрлық-құқықтық ғылымындағы арнайы әмбебап зерттеуінің пәні болып табылады.

Мемлекет экономикасының маңызды саласы ретінде ауыл шаруашылық өндіріс климаттық жағдайлар, дүлей апаттар, сонымен қатар экономикада болып жатқан негативті факторлардың (эквивалентті емес алмасу, бағалардың диспаритеті, инфляция және т.б.) ықпалына жиі түседі. Осыған байланысты ауыл шаруашылық тауар өндірісін сақтандырушылық қорғанысын ерекше қажетсінеді. Оған қоса, арнайы нормативтік акт – ауыл шаруашылық сақтандыру туралы заңды құрастыру мен қабылдау қажеттілігін туындататын нақты заңи база жоқ. Осы уақытта ауыл шаруашылығын сақтандыру саласында сақтандырушылық қызметті қамтамасыз етілмейді деп тұжырымдауға болмайды. Ауыл шаруашылық өндірісінің жекелеген түрлері заңи қамтамасыз етілген. Мысалы, өсімдік шаруашылығы сияқты ауыл шаруашылығы маңызды стратегиялық саласына тиесілі сақтандыру нарығы саласындағы қоғамдық қатынастар тікелей Қазақстан Республикасының «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Заңымен реттеледі. Аталған заң актісі жалпы сақтандыру бизнесі мен ауыл шаруашылық өндірісінің нақты өндірушісінің мүдделерінде сақтандыру компаниялары мен ұйымдардың қызметін құқықтық реттелуін жүзеге асыра-

ды. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Заң өсімдік шаруашылығын міндетті сақтандыруды тікелеу қамтамасыз етуді жүзеге асырады, сонымен қатар оны жүргізудің заңи, қаржы-экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін бекітеді.

Табиғаттық-климаттық және шаруашылық-тәуекелдік жағдайларда және олардың негативті салдарын өтеу қаражаттарының жеткіліксіздігі жағдайларында ауыл шаруашылығы көптеген әлем мемлекеттерінде (Канада, Испания және т.б.) орын алған, мемлекеттік қолдампаздықты қажет етеді. Қазақтан және оның субъектілерінің болашақта мемлекеттің қаржылық, ұйымдастырушылық және құқықтық қолдаусыз ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің меншік мүдделерін сақтандыруды жүргізуі мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығында қорғанысқа құқықты жүзеге асыру саласы әлсіз түйіні болып табылады. Осыған өз түсіндірмесі бар – көптеген шаруашылықтарда бұзылған құқықтарды қорғаудың барлық қолжетімді құралдарын игерген, сауатты мамандар жоқ; сот инстанцияларына өтіну үшін қаржы қаражаттарының жоқтығы; сақтандыру қызметіне қадағалау бойынша инспекциялардың пассивті қызметі. Ауыл шаруашылығында сақтандыру құқықтық қатынастарының қатысушыларын активизациялау мақсатында өзінің құқықтарын жүзеге асыру үшін сақтандыру, аграрлық заңнаманы жетілдіру қажет, сонымен қатар алқаби соттарының қызметін реттейтін заңнаманы, соның ішінде, ауыл шаруашылық тауар өндірушілерді мемлекеттік баж салығын төлеуден босату туралы тармақшасын қарастыру қажет. Ерікті сақтандыру келісімдерінің заманауи тәжірибесі меншіктегі мүлкін сақтандыруға қатысты ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің қызығушылығының төмендеуін көрсетеді. Осыған байланысты мүмкін тәуекелдерді алдын алу да ауыл шаруашылығындағы сақтандыру құқық қатынастарының экономикалық тұрғыда қызықтыра алатын санкциялар мен жеңілдіктердің жүйесі ұсынылған. Бір жағынан – санкциялар жүйесі, егер құқықтық қатынас қатысушылары шарт жағдайларын бұзса, екінші жағынан – ауыл шаруашылық тауар өндірушілер үшін жеңілдіктер түрінде жеңілдіктер жүйесі, ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің меншігін сақтандыруға қатысатын сақтандыру ұйымдары үшін жеңілдіктер жүйесі.

Біз ауыл шаруашылық тауар өндірушілерді сақтандыру мәселелері мен оларды шешу жо-

лын анықтадық. Заманауи кезеңде аграрлық заңнаманы жетілдіру мәселелерінің бірі – аграрлық сақтандыру институтын жеткіліксіз құқықтық қамтамасыз ету болып табылады. Осы мәселені шешу үшін сол кезде Республикалық мемлекеттік ауыл шаруашылықты сақтандыру кәсіпорны «Казагрополис» құрылды, ол ауыл шаруашылық бірлестіктерінің барлық меншік нысандарын жағымсыз климаттық, табиғаттық жағдайлар мен басқа дауыл апаттарынан міндетті сақтандыруды жүзеге асырады. Мұндай шара ауылдық тауар өндірушілердің төлем қабілеттілігін жоғарылатады және сәйкесінше ауылға кредитті беру кезінде банктің тәуекелін төмендетеді. Осымен бірге, бұл жеткіліксіз. Бірқатар жағдайларда ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін сақтандыру компанияларымен құрастырылған барлық ережелер негізінде жүзеге асырылады. Ауыл шаруашылықтың барлық салалары – мал шаруашылығы, ара шаруашылығы және т.б. нормативтік актілермен қамтамасыз ету бойынша заң шығарушылық жұмысты жалғастыру қажеттілігі бар. Бұл жекелеген нормативтік актілер немесе бізбен ұсынылған ҚР Аграрлық Кодекстің бір тарауы болады, бірақ осы арнайы нормалар тіршілік ету құқығына ие. Мұның бәрі ауыл шаруашылық өндірісті сақтандыру туралы арнайы заңды қабылдауды талап етеді.

Аграрлық құқық жүйесінде «Ауыл шаруашылық өндірісті сақтандыруды құқықтық реттеу» әмбебап институтын қалыптастыру үшін барлық алғышарттар бар. Құқықтың әр түрлі салаларына жататын нормативтік-құқықтық актілердің тармақталған кешені ауыл шаруашылық өндірісті сақтандырудың құқықтық негізін құрайтын, ал қолданыстағы ауыл шаруашылық өндірісті сақтандыру тәжірибесін талдау аталған қатынастарды жекелеген құқықтық реттеудің объективті қажеттілігін көрсетеді, осындай әмбебап институтын қалыптастыру қажет.

Тағы да бір мәселе – ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің меншігін сақтандыру шартының құқықтық табиғатын өзгерту, соның ішінде, оны консенсуалды шарттар санатына жатқызуы. Осылай, 827 бап «Сақтандыру шартының қолданылуы» бойынша сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал оны бөліп-бөліп төлеу кезінде, егер шартта немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, бірінші сақтандыру жарнасы төленген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады. Яғни, ол реалды шарт болып таныла-

ды. Сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті, ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің қаржы қаражаттарының жоқтығы көптеген шаруаларда сақтандыру қорғанысының болмауына әкеледі. Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерді сақтандыру кезінде сақтандырушының кейінгі сақтандыру жарнасын төлеуі қарастырылған өтініші негізінде шарт жасасу сәтінен шарттың әрекет ету мерзімін бекіту керек. Сәйкес түзетулерді ҚР АҚ 827 бабына енгізу қажет.

Ерікті сақтандырумен жасалған шарттардың заманауи тәжірибесі олардың меншігін сақтандыруға байланысты ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің мүдделерінің түсуін көрсетеді. Осыған байланысты санкциялар мен жеңілдіктер жүйесін енгізу керек, ол ауыл шаруашылығындағы құқықтық қатынастардың қатысушыларын мүмкін тәуекелдерді алдын алуға экономикалық түрде қызықтыруы мүмкін. Ауыл шаруашылығындағы ерікті сақтандыру туралы нормалары және осы саладағы ұсынылатын нормативтік актілерді құрастырушы үшін санкциялар мен жеңілдіктердің жүйесін енгізу керек.

Ауыл шаруашылығында сақтандырушылық құқықтық қатынастардың субъектілерін кеңейту, өзара сақтандыру қоғамдастығы, ауыл шаруашылық сақтандыру кооперативтерді дамыту, олардың қызметін, соның ішінде, құрастырылуы мен қабылдауы қажет «Өзара сақтандыру қоғамдастықтары туралы» Заңымен заңи реттеу қажет.

Сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешенге қызмет көрсетуге мамандандырылған қайта сақтандыру нарығын қалыптастыру қажет. Тәуекел дәрежесі жоғары ауыл шаруашылығында сақтандыру нарығын тұрақты қызмет етуі үшін мемлекеттің қатысуымен, бастысы республикалық бюджет кепілі мен есебінен қайта сақтандыру компанияларын құру мен дамыту қажет. Қорытындылай келе:

1. Құқықтың әр түрлі салаларына жататын нормативтік-құқықтық актілердің тармақталған кешені ауыл шаруашылық өндірісті сақтандырудың құқықтық негізін құрастыратын, ал қолданыстағы ауыл шаруашылық өндірісті сақтандыру тәжірибесін талдау аталған қатынастарды жекелеген құқықтық реттеудің объективті қажеттілігін көрсеткен жағдайларда аграрлық құқық шегінде «Ауыл шаруашылық өндірісті сақтандыруды құқықтық реттеу» әмбебап институтын қалыптастыру қажет. Аталған қауымды қалыптастыру ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің меншік мүдделерін сақ-

тандыру арқылы қорғау тетігін түгел қамтуға мүмкіндік береді.

2. Ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің меншігін сақтандыру шартының құқықтық табиғатын өзгерту туралы, соның ішінде, оны консенсуалды шарт санатына жатқызу туралы ұсыныстар. Заң шығарушылардың ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге қатысты сақтандыру шарттарын реалды шарттар санатына жатқызуға байланысты позициясы ақталмаған болып табылады. Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерде сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті қаржы қаражаттарының жоқтығы көптеген шаруашылықтар сақтандыру қорғанысынан қалатындығына әкеледі. Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерді сақтандыру кезінде сақтанушының кейінгі сақтандыру жарнасын төлеу қарастырылған өтініші негізінде сақтандыру шартын жасасу туралы сөз айту қажет.

3. Ауыл шаруашылығында сақтандырушылық құқықтық қатынас субъектілерінің тобын кеңейту туралы, яғни, Қазақстанда нәтижелі қызмет еткен өзара сақтандыру қауымдастықтары мен олардың қызметін заңи реттеу, ауыл шаруашылық сақтандыру кооперативтерін дамыту туралы қорытындылар, соның ішінде, құрастырылу мен қабылдануы қажет «Ауыл шаруашылық сақтандыру кооперативтері туралы» заң.

4. Агроөнеркәсіптік кешенге қызмет көрсетуге мамандандырылған, қайта сақтандыру нарығын қалыптастыру қажеттілігі туралы қорытынды. Тәуекел дәрежесі басым ауыл шаруашылығында сақтандыру нарығының тұрақты қызмет етуі үшін мемлекеттің қатысуымен, бастысы мемлекеттік бюджет есебі мен кепілдігімен қайта сақтандыру компанияларды құру мен дамыту қажет. Сақтандыру жүргізу туралы ұсыныстар тек табиғат-климаттық жағдайларды ғана емес, технологиялық және кәсіпкерлік тәуекелді төмендету нұсқасын ескеру қажет.

5. Шаруашылықты жоғары өндірістік нәтижелерге жетуге бағдарлау үшін жеке әрбір ауыл шаруашылық мәдениетін және қара мал басының қысқартылуымен байланысты ішінара зияннан сақтандырудан әрбір шаруашылықта ауыл шаруашылық өндірістің жалпы қорытынды нәтижелерін (кірісін) сақтандыруға өту қажет, осылай өткізімге дейін ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісінің барлық кезеңдерін сақтандыру қорғанысына аламыз. Осыдан басқа, болашақ өнімге кепілді кредиттауды кең қолдану

мүлтіксіз болып табылады және сақтандыру жолымен кепілге салған меншіктің сақталуын қамтамасыз етуді талап етеді.

6. Ауыл шаруашылығында экологиялық сақтандыру даму мәселесіне. Ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны бойынша жаңа ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің белсенді құрылуы күн мәселесінде адам денсаулығын қоршаған табиғат ортасынан жағымсыз ықпалынан қорғау және химикалық және басқа

да қауіпті заттардың әсерінен, рационалды емес қолданудан жер немесе басқа табиғат объектілерін қорғауға бағытталған шаралар кешенін құрастыру мәселесі қарастырылады. «Экологиялық – ол экономикалық» қағидасын жүзеге асыру мүддесінде ауыл шаруашылық тауар өнімдерін, соның ішінде, үшінші тұлғалармен келтірілген зиянды өтеу туралы мүмкін наразылықтардан экологиялық сақтандыру қажет.